

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иран Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы 1999 жылғы 6 қазандағы Ұзақ мерзімді сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімге толықтыру мен өзгеріс енгізу туралы хаттама жасасу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 4 қазандағы N 1020 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иран Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы 1999 жылғы 6 қазандағы Ұзақ мерзімді сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімге толықтыру мен өзгеріс енгізу туралы хаттаманың жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі Әділбек Рыскелдіұлы Жақсыбековке қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иран Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы 1999 жылғы 6 қазандағы Ұзақ мерзімді сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімге толықтыру мен өзгеріс енгізу туралы хаттама жасасуға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Жоба

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иран Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы 1999 жылғы 6 қазандағы Ұзақ мерзімді сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімге толықтыру мен өзгеріс енгізу туралы хаттама**

Бұдан әрі Уағдаласушы Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иран Ислам Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иран Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы 1999 жылғы 6 қазандағы Ұзақ мерзімді сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімнің (бұдан әрі - Келісім) XIV бабына сәйкес, мына төмендегілер туралы келісті:

1. Келісімнің I бабы мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Жоғарыда көрсетілген ережелер:

а) шекара маңындағы сауданы ілгерілету мақсатындағы ынтымақтастық негізінде Тарап кез келген көршілес мемлекетке ұсынған немесе ұсынатын артықшылықтарға, жеңілдіктерге және кедендік төлемдер мен салықтардан босатуға;

б) кеден одағының және еркін сауда аймағының шеңберіндегі ынтымақтастық негізінде Тарап үшінші мемлекетке ұсынған немесе ұсынатын артықшылықтарға, жеңілдіктерге және кедендік төлемдер мен салықтардан босатуға;

с) Уағдаласушы Тараптар өздерінің ұлттық заңнамасына сәйкес мейлінше дамуы төмен елдерге ұсынған немесе ұсынатын артықшылықтарға, жеңілдіктерге және кедендік төлемдер мен салықтардан босатуға қолданылмайды".

2. Келісімнің III бабы 1-тармағының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Уағдаласушы Тараптар Уағдаласушы Тараптардың ұлттық заңнамасына сәйкес, екінші Уағдаласушы Тараптың аумағынан шығарылатын жарнамалық материалдың, тегін үлгілердің, сондай-ақ сатуға арналмаған, жәрменкелер мен көрмелерге арналған тауарлардың және жабдықтардың импортын кеден баждары мен салықтардан босатуға келісті".

Осы Хаттама Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады және Уағдаласушы Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті барлық мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Хаттама 1383 \_\_\_\_\_ жылына сәйкес келетін 2004 жылғы \_\_\_\_\_ Астана қаласында әрқайсысы қазақ, парсы, ағылшын және орыс тілдеріндегі екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Хаттаманың ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Уағдаласушы Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін*

*Иран Ислам Республикасының*

*Үкіметі үшін*